

1994 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы N 8 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 18 қаңтарда 2-13-132 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 405 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 30.09.2016 № 405 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағы 13)-тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырушыларды алдын ала белгілеу мақсатында Кербұлақ ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы қаңтар-наурыз айларында 1994 жылы туылған және бұрын шақыру учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек азаматтарды Сарыөзек кенті, Құлжабай би көшесі, 6 мекен-жайында орналасқан шақыру учаскесіне "Кербұлақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары жыл сайын белгіленген мерзімде Кербұлақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің тізімін берсін.

3. Кербұлақ ауданының әкімінің 2009 жылғы 22 желтоқсанындағы "1993 жылы туылған азаматтарды 2010 жылы Кербұлақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеп жазуды ұйымдастыру және

қамтамасыз ету туралы" N 2 (Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 28 қаңтарда тіркелген нөмірі 2-13-103, "Кербұлақ жұлдызы", газетінің 2010 жылғы 05 ақпанда 6-нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Болысбай Тоғысбайұлы Момбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Н. Жантілеуов